

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

ҚМГ БӨ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің отырысы өтті

Астана, 30 мамыр 2012 жыл. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ («ҚМГ БӨ», «Компания») акционерлердің жылдық жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің отырысын өткізді.

ҚМГ БӨ акционерлері Компанияның 2011 жылға арналған жылдық есебі мен топтастырылған жылдық қаржы есебін бекітті. Сонымен қатар, акционерлердің шешімі бойынша, 2011 жылға бір акцияға (қарапайым және артықшылықты) есептелеңтін дивиденд мөлшері 1300 теңге (ҚР заңнамасы бойынша салынатын салықтарды қоса есептегендегі болды. 2011 жылға дивидендтердің жалпы сомасы 91 млрд. теңгені (615 млн. АҚШ доллары)¹ құрады.

Белгіленген дивиденд мөлшері алдыңғы жылмен салыстырғанда 62,5% артық, бұл 2006 жылы IPO-ға шыққаннан бергі ең жоғарғы көрсеткіш. Компания акционерлеріне 2011 жылдың қорытындысы бойынша жылдық дивидендті төлеу 2012 жылдың 11 маусымы күні сағат 00.00-дегі жағдай бойынша жүзеге асырылады және төлемдерді іске асыру 2012 жылдың 16 шілдесінде басталады.

ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінде 2012 жылы Компанияның күрделі шығыстарын 15,4 млрд теңгеге (104 млн. АҚШ доллары), яғни 126,5 млрд. теңгеден (852 млн. АҚШ доллары) 141,9 млрд. теңгеге (955 млн. АҚШ доллары) дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды. Оның шамамен 13,4 млрд. теңгесі (90 млн. АҚШ доллары) бұдан бұрын жария етілген жоспарға сәйкес, еңбек ету жағдайын жақсарту, ҚМГ БӨ өндірісінің тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған өндірісті жаңалау жобасына бөлінеді. Қалған 2,0 млрд. теңге (14 млн. АҚШ доллары) өндірістегі тұрақтылық пен бақылауды қамтамасыз етуге және экологиялық талаптар мен қауіпсіздік нормаларын орындауға жұмсалады. 2012 жылдың өндірістік бағдарламасына өзгерістер енгізілді, атап айтқанда, Өзен кен орнындағы 144 ұнғыға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу көлемін арттыру жоспарланып отыр. 2012 жылдың қайта қаралған бюджеті бір баррель мұнай құны 90 АҚШ долларына бағаланады деген есепке негізделген.

Компания «КРІ» ЖШС-тегі 51% үлесін 2012 жылдың сәуір айында сатты, соның салдарынан ҚМГ БӨ-нің 2012 жылға арналған бюджеті 6,1 млрд. теңге (41 млн. АҚШ доллары) көлемінде жарғылық қорды толтыруға инвестиция салу күтіліп отырғандықтан азайды.

Директорлар кеңесінің келесі шешімі 2012 жылдың 1-шілдесінен бастап №40 келісім-шарт бойынша Маңғыстау облысындағы Өзен, Қарамандыбас мұнай кеніштерін игеруге жер қойнауын пайдалану құқығын «Өзенмұнайгаз» АҚ-на беру туралы болды.

Директорлар кеңесі, сонымен қатар, ПКИ 33% үлесін сатып алу туралы мәміле аясында ҚМГ ПКИ Финанс Б.В. компаниясының 254 млн. АҚШ доллары көлеміндегі қарызын 2012 жылдың 6 шілдесіне дейін мерзімінен бұрын төлеу туралы шешім қабылдады.

Акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің мүшесі Сейсенғали Өтеғалиевтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі

болып жалпы Компания Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне Тимур Бимағамбетов сайланды.

Компания, сонымен қатар, өткен аптада White Bear құрылымындағы тұзасты ұнғысын бұрғылау басталғанын хабарлайды. ҚМГ БӨ лицензияға қатысудың 35% үлесіне ие, лицензияның 45% және 20% үлесіне ие Би Джи Групп және Маерсқ компаниялары серіктестер болып табылады.

АНЫҚТАМА

ҚМГ БӨ мұнай өндіру көлемі жағынан Қазақстанда қошбасшылардың үштігіне кіреді. Компанияның өндіру көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС мен ССЕЛ («Қаражанбасмұнай») және «ПетроІҚазақстан Инк.» компанияларындағы үlestерді есептегендеге, 2011 жылы 12,3 млн. тоннаны (тәулігіне 250 мың баррель) құрады. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2011 жылдың сонындағы жағдай бойынша 226 млн. тоннаны (1,7 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үlestі есептегендеге 2,1 млрд. жуық баррелді құрайды. Компанияның акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ғаламдық депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың кыркүйегіндегі IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты. 2011 жылдың желтоқсанында халықаралық Standard & Poor's агенттігі ҚМГ БӨ несиелік рейтингін «BBB-» деңгейінде және 2011 жылдың кыркүйегінде GAMMA корпоративтік басқару рейтингін «GAMMA-6» деңгейінде раставды.

Бимагамбетов Тимур Мустаҳиевич – Қазақ политехникалық институтын тәмамдаган. 2012 жылдың ақпан айынан бері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрагасының өндіру және техникалық даму жөніндегі орынбасары. Соңғы жылдарды «Н Оперейтинг Компани» ЖШС бас директоры, және ҚМГ ҰК атқарушы директоры қызметтерін атқарған.

ҚМГ БӨ директорлар кеңесінің құрамы:

Ляззат Киннов – директорлар кеңесінің төрағасы
Алик Айдарбаев – директорлар кеңесінің мүшесі (бас директор)
Ержан Жангаяулов – директорлар кеңесінің мүшесі
Тимур Бимағамбетов - директорлар кеңесінің мүшесі
Әсия Сыргабекова – директорлар кеңесінің мүшесі
Филип Дэйер – тәуелсіз директор
Пол Мандука – тәуелсіз директор
Эдвард Уолш – тәуелсіз директор

Байланыстық ақпарат:

«ҚМГ БӨ» АҚ, Жұртшылықпен байланыс (+7 7172 97 78 87)
Бақдәулет Төлеген
e-mail: pr@kmgep.kz

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 97 5433)
Әсел Қалиева
e-mail: ir@kmgep.kz

Pelham Bell Pottinger (+44 207 861 3147)
Елена Добсон
e-mail: edobson@pelhambellpottinger.co.uk

Болашаққа қатысты мәлімдеме

Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжасам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «булуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауга арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені туғындыруға арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, осуіне қатысты күтүлдері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамитды. Өз түрлісінде болашаққа қатысты өтінімдер болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдай заттарға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің көпілдігі болып табылмайды және Компания қызметтің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметтің тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайының нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салага қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе

боловшакъа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жсаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндепттеме алмайды. Компания боловшакъа қатысты мұндағы мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.